

тақырыбы: ауыз әдебиеті

Орындаған: Құллан Аружан

Тобы: к102-26

Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

- Мен қазақпын
- Қазақстанның рәміздері
- Көне жазбалар
- Алтын адам туралы аңыз

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі мемлекеттік рәміздерді қабылдады

9-бап;

Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы — ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы — $\frac{1}{2}$.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков.

Геральдика (гербтану) тілінде — көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді. Ежелгі түркі тілінде «көк» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым.

Түркі және әлемнің өзге де халықтарындағы көк түстің мәдени-семиотик. тарихына сүйене отырып, мемлекеттік тудың көгілдір түс Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді деп қорытуға болады.

Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн — уақыт, замана бейнесі. Канатын жайған қыран құс — бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі.

Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран Қазақстан Республикасының еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы — дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаңшылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде — бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу — алтын түстес.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары — Жаңдарбек Мәлібеков пен Шоты Уәлиханов.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!

Ел есімдері





Көшпелі дала мәдениетін бүкіл әлемге танытқан көне түркілер мұрасы – Орхон-Енисей жазбаларының табылуы түркі халықтарының тарихи, ғылыми, мәдени өмірінде ерекше оқиға ретінде танылады. Бізге жеткен көне түркілік жазба мұралардың ішінде мазмұндылығымен, жүйелілігімен, көлемділігімен дараланатын «Күлтегін» ескерткішінің тілі қазіргі түркі халықтары тілінің даму жолын зерттеуде айрықша маңызға ие. Бұл жайлы алдағы жазбамда баяндайтын боламын.

Көне түркі жазуы – б.зб –Хғ.б.з түркі тайпаларының жазуы

(Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының аймағынан жаңасібір облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар. Жазылған жж 5-7 ғ. жазулар Жалпы Орхон-Енисей)

Енисей
ескерткіште
рі

ресубликаларының аймағынан жаңасібір облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар. Жазылған жж 5-7 ғ

Талас
ескерткіштер
і

- жазулар Жалпы Орхон-Енисей
- Қазақстан, Жетісу
- Қырғыстан
- аймағындағы
- тарап, Селенг, Тола
- Келдіде мерзімі
- 8-9 ғ. Жалпы

Орхон
ескерткіште
рі

ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Мерзімі 7-8ғ. Жалпы саны 30шақты. Ең көлемді ұзақ мәтінді шығармалар осы топқа жатады.

мысалы, Күлтегін, Топтықек

Тасқа жазылған дастандар

Күлтегін

Тоныкөк

Білге қаған

Алтын адам

Алтын адам сәндік қолданбалы өнердің бір саласы – зергерлік өнердің ең үздік көне үлгісі. 1960жылдардың аяқ кезінде археолог ғалымдар Есік қаласына жарын жердегі обадан Алтын киімді адамды тапты. Ол мұнан 2500 жылдай бұрын жерленген жас жігіт екен.

Марқұмға кигізген бас киімнің етегінің қонышының сыртына алтыннан жасалған түрлі аттың, барыстың, таутекенің бейнелері жапсырылған. Олардың саны 4000 мвңдай. Есік қорғанынан табылған олжа бүгін Алматыдағы Тәуелсіздік монументіне де негіз болып отыр. Алтын адам да қазақтың жеті кереметіне енді.

Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат бейнелерін жасаған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киіміне үлгілеріне ұқсас, биік шошақ, төбелі ұзындығы 70см шамасында.



АЛТЫН АДАМ ТАРИХЫ

“Алтын киімді адам”



Алтын киімді адам	Кім тапты?	Қай жерден, қай жылы табылды?
Бірінші	Кемал Акышев	Алматы облысы Есік қорғаны 1969
Екінші	Зейнолла Самашев	Атырау облысы Аралтөбе қорғаны 1999
Үшінші	Әбдеш Төлеубасев	Шығыс Қазақстан облысы Шілікті жазығы 2003
Төртінші	Арман Бейсенов	Қарағанды облысы Талды 2 қорымы 2010